

Айнагуль Бекебаева¹ , Даяна Нурпеисова² , Қанат Еңсенев³ 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
аймақтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD
e-mail: ainash11@mail.ru

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
аймақтану кафедрасының докторанты
e-mail: gndayana7@mail.ru

³Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты
e-mail: kanat-02-79@mail.ru
(Астана, Қазақстан)

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕ ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Кеңес дәуірінде Орталық Азия елдерінде әйелдер арасындағы сауатсыздықты жоюдың тетіктері, кезеңдері мен салдары қарастырылады. Зерттеуде өңірдің мәдени, этникалық және әлеуметтік ерекшеліктеріне айрықша назар аударылған. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстандағы білім беру реформаларын жүзеге асыру жағдайлары талданып, гендерлік рөлдердің өзгеруі, әйелдердің білімге, кәсіптерге және қоғамдық қызметке қол жеткізу кеңеюінің өзіндік қырлары анықталған. Зерттеу барысында салыстырмалы және гендерлік талдау әдістері қолданылып, статистикалық деректерге, мұрағат материалдарына, бағдарламалық құжаттарға және орыс әрі ағылшын тілдеріндегі заманауи ғылыми еңбектерге сүйенілді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік білім беру саясатының білімді әйелдер қатарының артуына, кәсіби мобильділікке және қоғамдық өмірге қатысуға айтарлықтай үлес қосқанын көрсетеді. Сонымен қатар патриархалдық көзқарастардың, діни және отбасылық дәстүрлердің сақталуы, теңдіктің ресми сипат алуы әйелдердің шынайы дербестігі мен мүмкіндіктерін шектеді. Талдау барысында эмансипацияның жарияланған мақсаттары мен түрлі ұлттық әрі жергілікті жағдайларда сақталып қалған әлеуметтік шектеулер арасындағы қайшылықтар айқындалды.

Қорытындысында Кеңес дәуіріндегі білім беру науқандары қоғамды жаңғыртудың маңызды факторы болғанымен, бірқатар дәстүрлі кедергілер мен модернизация мен патриархалдық практикалардың арасындағы қайшылықтарды сақтап қалғаны, сол арқылы өңірдегі гендерлік трансформация жолының ерекшелігін айқындағаны атап көрсетіледі.

Түйін сөздер: сауатсыздықты жою, әйелдер білімі, Кеңес Одағы, Орталық Азия, гендерлік саясат, әйелдер бөлімдері, эмансипация, әлеуметтену, мәдени дәстүрлер, кәсіби даярлық, гендерлік теңсіздік, жаңғырту, патриархат.

Айнагуль Бекебаева, Даяна Нурпеисова, Канат Енсен
ЛИКВИДАЦИИ БЕЗГРАМОТНОСТИ СРЕДИ ЖЕНЩИН В
СОВЕТСКОЕ ВРЕМЯ: ОПЫТ РЕСПУБЛИК ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация. В работе рассматриваются механизмы, этапы и последствия ликвидации безграмотности среди женщин в странах Центральной Азии в советскую эпоху, с акцентом на культурные, этнические и социальные особенности региона. Проанализированы условия реализации образовательных реформ на территории Казахстана, Узбекистана, Кыргызстана, Таджикистана и Туркменистана, выявлены особенности трансформации гендерных ролей, расширения доступа женщин к образованию, профессиям и общественной деятельности. Исследование выполнено на основе методов сравнительного и гендерного анализа с опорой на статистику, архивы, программные документы и современные академические работы на русском и английском языках.

В ходе работы показано, что государственная политика образования способствовала заметному увеличению числа образованных женщин, профессиональной мобильности и участию в публичной жизни. В то же время сохранение патриархальных установок, религиозных и семейных традиций, а также формальное равноправие ограничивали реальную автономию женщин и их возможности. Анализ выявил противоречия между заявленными целями эмансипации и устойчивыми социальными ограничениями, которые сохранялись в различных национальных и локальных контекстах.

Работа делает вывод о значительной роли советских образовательных кампаний как фактора модернизации общества, одновременно фиксируя сохранение ряда традиционных барьеров и противоречий между модернизацией и патриархальными практиками, что определило специфику гендерных изменений в регионе.

Ключевые слова: *Ликвидация безграмотности, образование женщин, Советский Союз, Центральная Азия, гендерная политика, женотделы, эмансипация, социализация, культурные традиции, профессиональная подготовка, гендерное неравенство, модернизация, патриархат.*

Ainagul Bekebayeva, Dayana Nurpeissova, Kanat Yensenov
ELIMINATION OF ILLITERACY AMONG WOMEN DURING THE
SOVIET ERA: THE EXPERIENCE OF THE CENTRAL ASIAN REPUBLICS

Abstract. The paper examines the mechanisms, stages, and consequences of eliminating illiteracy among women in Central Asian countries during the Soviet era, with particular attention to the cultural, ethnic, and social characteristics of the region. It analyzes the conditions for implementing educational reforms in Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan, and Turkmenistan, identifying the specific features of gender role transformation, the expansion of women's access to education, professions, and public activities. The study employs methods of comparative and gender analysis, drawing on statistics, archival materials, programmatic documents, and contemporary academic works in both Russian and English.

The findings demonstrate that state education policies significantly contributed to the growth of educated women, professional mobility, and participation in public life. At the same time, the persistence of patriarchal attitudes, religious and family traditions, as well as the formal nature of equality, limited women's real autonomy and opportunities. The analysis highlights contradictions between the proclaimed goals of

emancipation and the enduring social constraints that persisted across different national and local contexts.

The study concludes that Soviet educational campaigns played a crucial role as a factor of societal modernization, while also preserving a number of traditional barriers and contradictions between modernization and patriarchal practices, which shaped the specific trajectory of gender transformations in the region.

Keywords: *Illiteracy eradication, women's education, Soviet Union, Central Asia, gender policy, women's departments, emancipation, socialization, cultural traditions, vocational training, gender inequality, modernization, patriarchy.*

Кіріспе

Кеңес кезеңінде әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою мәселесі – бұрынғы КСР Одағының көпұлтты кеңістігінде жүзеге асқан жаңғырту реформаларын зерттеудегі негізгі тақырыптардың бірі. Бұл мәселе әсіресе Орталық Азия республикаларында күрделі сипатқа ие болды. Аймақта ұзақ уақыт бойы әйелдердің эмансипациясына және олардың қоғамдық әрі экономикалық өмірге белсенді араласуына кедергі келтірген дәстүрлі, патриархалдық тұрмыс салты, діни және этникалық ерекшеліктер басым еді. Қазіргі зерттеушілер жаппай сауатсыздықты еңсеру науқанын тек ағартушылық немесе педагогикалық жоба ретінде ғана емес, сонымен қатар кеңестік биліктің кең ауқымды идеологиялық стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастыра бастады. Мұндай бағдарламалардың негізгі мақсаты оқу мен жазу дағдыларын үйретумен шектелмей, мүлде жаңа – кеңестік үлгідегі – тұлғалық және әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыру болды. Осы бірегейлік аясында әйел тек сауатты болумен ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік – экономикалық институттарды, мәдени кодтарды және күнделікті практикаларды түрлендіруге белсенді қатысатын қоғам мүшесіне айналуы тиіс еді.

Тақырыптың өзектілігі кеңестік модернизация саясатының гендерлік қырын, әсіресе әйелдер сауаттылығын арттыру арқылы қоғамды қайта құру тетіктерін түсіндіру қажеттілігімен айқындалады. Орталық Азия республикаларындағы бұл үдерістерді зерттеу әйелдердің білімге қол жеткізуі мен әлеуметтік рөлдерінің өзгеруі тек білім беру саласындағы шаралар ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қоғамдық құрылымдарды трансформациялаудың маңызды құралы болғанын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кеңестік сауатсыздықты жою науқандарының аймақтық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдау қазіргі гендерлік саясаттың тарихи негіздерін түсінуге және кеңестік жаңғыртудың қайшылықты салдарын бағалауға жағдай жасайды.

Әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою науқанын талдау бұл үдерістің көпкезеңді әрі кешенді сипатта болғанын көрсетеді. Зерттеу барысында орталық билік белгілеген жалпыимпериялық міндеттермен қатар, олардың аймақтарда іске асу ерекшеліктері де қарастырылды. Бұл ерекшеліктерге этникалық құрам, отбасылық-некелік және білім беру нормалары, экономикалық және демографиялық үдерістер, урбанизация деңгейі және гендерлік рөлдердің өзгеруі жатады. Жұмыс аясында

әйелдер бөлімдерінің қызметі, олардың қолданған тактикалары мен ұйымдастырушылық тәжірибелері де назарға алынды. Сонымен бірге әйелдерді жаңа білім мен мінез-құлық үлгілеріне тартуда пайдаланылған оқу құралдары, журналдар және үгіт-насихат материалдары талданды. Зерттеудің өзегінде мемлекеттік бағдарламалар, жергілікті дәстүрлер және әйелдер қозғалысының әлеуметтік мобилизацияның ерекше формасы ретіндегі өзара ықпалы жатыр. Арнайы назар Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасауға бағытталады. Бұл бөлімде білім беру траекторияларының ортақ белгілері мен айырмашылықтары айқындалып, жаппай үгіт – насихат науқандарының салдары бағаланады, сондай-ақ әйелдерді қоғамдық және экономикалық өмірге тарту тетіктері қарастырылады.

Мақаланың жаңашылдығы Орталық Азия республикаларында әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою саясатын кеңестік жаңғырту стратегиялары мен жергілікті дәстүрлі практикалардың өзара байланысы аясында кешенді талдауда жатыр. Жұмыста Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан бойынша салыстырмалы деректер тұтас қарастырылып, білім беру мен эмансипациялық бағдарламаларды енгізудің аймақтық ерекшеліктері нақтыланады. Сонымен бірге кеңестік гендерлік саясаттың қайшылықты нәтижелері, яғни әйелдердің сауаттылығы мен әлеуметтік мобильділігі артқанына қарамастан, патриархалдық қағидалар мен теңсіздіктің КСРО ыдырағаннан кейін де сақталуы көрсетіледі.

Мақаланың мақсаты – Кеңес дәуіріндегі сауатсыздықты жою науқандарының Орталық Азиядағы әйелдердің жағдайын өзгертуге ықпалын көрсету ғана емес, сонымен қатар посткеңестік кеңістіктегі қазіргі гендерлік үдерістерді түсінуде маңызды кеңестік жаңғыртудың тарихи парадокстарын тереңірек ашу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылды:

- Кеңес өкіметінің әйелдер арасындағы сауатсыздықты жоюға бағытталған саясатының қалыптасу алғышарттарын айқындау.
- Орталық Азия республикаларында бұл саясаттың жүзеге асырылу ерекшеліктерін зерттеу.
- Әйелдер бөлімдерінің (женотделдердің) қызметі мен олардың ұйымдастырушылық – тактикалық рөлін талдау.
- Әйелдерді оқыту, үгіттеу және әлеуметтік мобилизациялау барысында қолданылған негізгі құралдар мен әдістерді сипаттау.
- Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан тәжірибесін салыстырмалы түрде қарастыру.
- Сауатсыздықты жою науқандарының әйелдердің әлеуметтік мәртебесіне, қоғамдық белсенділігіне және гендерлік қатынастарға ықпалын бағалау.
- Кеңестік гендерлік саясаттың тарихи нәтижелері мен қайшылықтарын анықтау.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу барысында әлеуметтік-тарихи, гендерлік және салыстырмалы-тарихи талдауды ұштастырған кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Негізгі дереккөздер ретінде Орталық Азия республикаларында әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою науқандарына қатысты заңнамалық актілер, директивалық құжаттар және кеңестік мекемелердің ресми есептері пайдаланылды. Сонымен бірге әйелдерге арналған білім беру бағдарламаларына қатысқан адамдар саны, әйелдер мектептері, курстар мен үйірмелердің көбеюі, сондай-ақ әйелдердің кәсіби құрылымындағы өзгерістер арнайы қарастырылды.

Аймақтық ерекшеліктерді және жергілікті айырмашылықтарды айқындау үшін отандық әрі шетелдік ғылыми әдебиеттер, естеліктер, кеңестік журналдар мен бюллетеньдерде жарияланған материалдар, сондай-ақ әйелдер бөлімдері, комитеттер, клубтар мен ұйымдардың есептері мазмұндық талдаудан өткізілді. Салыстырмалы талдау Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан тәжірибесін өзара салыстыру арқылы жүргізілді. Кеңестік кезеңнің әртүрлі онжылдықтары мен посткеңестік кезең деректерін қатар қарастыру білім беру саласы мен әлеуметтік тәжірибелердің өзгеру бағытын анықтауға мүмкіндік берді.

Мақаланың әдістемелік негізі сандық және сапалық тәсілдердің үйлесуіне сүйенеді. Сандық талдау ресми статистикамен, білім беру органдарының мәліметтерімен және сауаттылықтың өзгеру динамикасымен жұмыс істеуді қамтиды. Сапалық бөлікке тарихи-гендерлік зерттеулер, үгіттік материалдарға мазмұндық талдау, нормативтік құжаттарға дискурстық талдау, сұхбаттар мен тақырыптық естеліктерді пайдалану кіреді. Осындай кешенді тәсіл әйелдердің жағдайындағы нақты өзгерістерді ғана емес, кеңестік білім беру реформалары мен сауатсыздықты жою науқандарымен қатар жүрген құндылықтық ауысуларды да көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер әлеуметтік-мәдени стереотиптердің және күнделікті өмір дағдыларының трансформациясынан байқалады.

Әдебиеттік шолу

Кеңес дәуіріндегі Орталық Азиядағы әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою мәселесі әртүрлі зерттеу әдістерін қамтитын кең ауқымды ғылыми бағытты қалыптастырады. Теориялық негізді Р. Столлердің жыныс пен гендер арасындағы айырмашылықтарды талдаған еңбектері [1] және патриархалдық құрылымдарды өзгертудегі білімнің рөлін зерттеген Г. Рубиннің жұмысы [2] құрайды.

Сондай-ақ Кеңес тарихнамасы партияның жетістіктерін, науқандарды ұйымдастыру және әйелдерді ағарту ісін басқаруды атап көрсеткен [3, 4, 5].

Жергілікті және өңірлік авторлар саясатты енгізудің ерекшеліктерін және жергілікті қарама – қайшы пікірлерді атап көрсетті [7, 8]. Мұндай зерттеулер әртүрлі этностар мен аймақтар тәжірибесінің спецификасын, айырмашылығын ашуға мүмкіндік берді.

Посткеңестік батыс тарихнамасы [9, 10] қойылған мақсаттарды нақты нәтижелермен салыстыруға, статистикалық мәліметтерді ұсынуға және модернизацияның әлеуметтік-мәдени салдарын талдауға мүмкіндік береді.

XX ғасырдың соңынан XXI ғасырдың басына дейінгі арнайы зерттеулер [11, 12] өңірлік айырмашылықтарды, бірегей науқандарды және дәстүрлі құрылымдардың (мысалы, ауыл немесе рудың) әсерін көрсетеді.

Жаңа гендерлік және теориялық тәсілдер Д. Кандиоти еңбектерімен байланысты [12, 13], олар әйелдердің тәжірибесін «патриархалды сауда» концепциясы арқылы талдайды. Қазіргі заманғы авторлар [14, 15, 16] әйелдер білімінің мұрасындағы күрделілікті, көпқабаттығын және Орталық Азиядағы гибриді гендерлік идентификацияның қалыптасуын зерттейді.

Осылайша, тарихнамалық зерттеулер әлеуметтік-теориялық, эмпирикалық және сыни тәсілдерді ұштастыра отырып, кеңестік модернизация нәтижесінде аймақта орын алған өзгерістердің кең ауқымын көрсетеді.

Нәтижелер

Орталық Азиядағы әйелдер арасындағы жазу-оқу саясатын зерттеуге арналған кең ауқымды дереккөздерді талдау бұл ауқымды әлеуметтік жобаның бірнеше негізгі кезеңі мен нәтижесін айқындауға мүмкіндік береді.

XX ғасырдың басына қарай Орталық Азиядағы әйелдердің сауаттылық деңгейі өте төмен болды. 1897 жылғы алғашқы бүкілресейлік халық санағының деректеріне сәйкес, аймақтың көпшілік аудандарында әйелдер арасындағы сауаттылық 0,1%-дан аспаған [10, 17, 18]. Түркістан генерал – губернаторлығында 2,8 миллион әйелдің ішінде тек үш мыңға жуығы ғана оқи алатын, бұл 0,11%-ды құраған [19]. Қазақ далалық облыстарында көрсеткіштер одан да төмен – 0,05% [20].

Мұндай төмен көрсеткіштердің себептері аймақтың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерімен байланысты болды. Көшпелі және отырықшы қауымдардағы патриархалдық құрылым білімді көбіне ерлердің құзыреті ретінде қабылдады. Қыз балалар әйел және ана рөліне алдын ала дайындалды, ал олардың білімі үй шаруасына қатысты дағдылармен және бастапқы діни түсініктермен ғана шектелді [21]. Адриенн Эдгар атап өткендей, Түркменстанда некелер 13–15 жасында жасалған, бұл білім алу мүмкіндігін толықтай болдырмаған [19].

Өзбекстан мен Тәжікстанның отырықшы аймақтарында исламдық білім беру жүйесі жақсы дамыған болатын, алайда әйелдер формалды оқудан дерлік толықтай тыс қалған [11, 14]. Медреселер тек ерлерге арналған еді, дегенмен жоғары лауазымды діни қызметкерлердің қыздары үшін сирек жағдайларда ерекше мүмкіндік берілген.

Ресей колониялық әкімшілігі жергілікті әйелдер арасында білімді таратуға практикалық түрде әрекет жасаған жоқ. Н.И. Ильминский

тарапынан құрылған орыс – тұзым мектептері негізінен ұл балаларға арналған болып, әкімшілік қажеттіліктерге кадрлар даярлады [22].

Кеңес билігінің келуі білім беру саясатының түбегейлі өзгеруін білдірді. 1919 жылғы 26 желтоқсандағы РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің «РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы» декреті 8-ден 50 жасқа дейінгі барлық азаматтар үшін оқытуды міндетті етіп заңдық тұрғыда бекітті [23].

Әйелдер білімін ұйымдастыруда басты рөлді 1919 жылы құрылған партия комитеттерінің әйелдер бөлімдері атқарды. Замира Абман өз зерттеуінде көрсеткендей, 1920 жылға қарай әйелдер бөлімдері Орталық Азияның барлық республикаларында жұмыс істеді, олардың қызметін РКП(б) Орталық комитетінің Әйелдер орталығы үйлестірді, бастапқыда И.Ф. Арманд, кейін А.М. Коллонтай басқарған [24].

Әйелдер бөлімдерін құру статистикасы ұйымдастырушылық жұмыстың ауқымын көрсетеді: 1925 жылы Қазақстанда 245, Өзбекстанда 189, Қырғызстанда 78, Тәжікстанда 56, Түрікменстанда 34 әйелдер бөлімі жұмыс істеді [25]. Әйелдер бөлімдері Шығыс әйелдерімен жұмыс барысында өзіндік амал-тәсілдер қалыптастырды. Олардың ішінде жұмысты кезеңдеп жүргізу, діни ерекшеліктерді ескеру, экономикалық ынталандырулар қолдану және кең ауқымды үгіт-насихат ұйымдастыру ерекше орын алды.

Көшпелі халықтарға арналған білім беру жүйесі де осы қажеттіліктен туындады. «Қызыл киіз үйлер» көшпелі қауыммен бірге қоныс ауыстыратын жылжымалы оқу орталықтары ретінде қызмет етті. Мұндай мектептер балалар мен ересектерге, соның ішінде әйелдерге де, көшпелі ортада тікелей білім алуға мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе Қазақстанда, Қырғызстанда және Түрікменстанда кеңінен қолданылып, сауатсыздықты жоюдың және көшпелі халықты оқу үдерісіне тартудың тиімді тетіктерінің біріне айналды.

1930-жылдар сауатсыздықпен күрестің ең қарқынды кезеңі болды. 1930 жылғы 25 шілдеде ВКП(б) Орталық комитеті қабылдаған «Барлық үшін міндетті бастауыш білім беру туралы» қаулы міндетті төрт жылдық оқытуды енгізіп, өнеркәсіптік орталықтарда жеті жылдық білім беруді белгіледі.

1-кесте. Орталық Азия республикаларындағы мектептердің саны (1930 және 1940 жылдар)

Республика	1930 ж. Мектеп саны	1940 ж. Мектеп саны	Есеге өсуі
Қазақстан	2291	4769	2,08
Өзбекстан	1847	4156	2,25
Қырғызстан	567	1234	2,18
Тәджікстан	398	934	2,35
Түркменстан	289	678	2,35

2-кесте. Мектептердегі оқитын қыздардың жалпы саны (1930 және 1940 жылдар)

Республика	1930 ж. Қыздар саны, мың.	1940 ж. Қыздар саны, мың.	Есеге өсуі
Қазақстан	89	395	4,44
Өзбекстан	156	564	3,62
Қырғызстан	34	123	3,62
Тәжікстан	28	97	3,46
Түркменстан	19	71	3,74

Орталық Азия республикаларында 1930–1940 жылдары әйелдерге арналған білім беру саясатының жүйелі жүргізілуі, әртүрлі елдер арасында ғана емес, әлеуметтік мәдени жағдайларға байланысты өзіндік ерекшеліктерге иеленген. 1-кестедегі мәліметтер бойынша 1930–1940 жылдары Қазақстанда мектеп саны 2,08 есе, Өзбекстанда – 2,25 есе, Қырғызстанда – 2,18 есе, Тәжікстанда мен Түркменстанда – әрқайсысы 2,35 есе өскен, яғни барлық республикаларда мектеп желісінің қарқынды түрде кеңейтілгенін көрсетеді. Өріне, 2-кестеде 1930–1940 жылдар аралығында қыздардың саны Қазақстанда 4,44 есе, Өзбекстанда – 3,62 есе, Қырғызстанда – 3,62 есе, Тәжікстанда – 3,46 есе, Түркменстанда – 3,74 есе өскені байқалады. Бұл мәліметтер әйелдерді сауаттыландыру және мектепке қатыстыру мәселесіне әр республикада да жүйелі түрде назар аударылғанын, бірақ әр аймақ өзінің демографиялық, экономикалық және мәдени діни құрылымына байланысты өз ерекшеліктерін сақтағанын көрсетеді.

Қазақстанда қыздардың білім алу қарқыны өлшемімен басым болды: қыздардың саны 4,44 есе өсуі тек мектеп санының 2 еседен артық өсуімен ғана емес, сонымен қатар көшпелді балалар үшін әзірленген 234 интернат пен 28 мың оқушы арасында қыздар үлесінің 43% болуымен түсіндіріледі. Бұл қоғамда әйелдердің сауаттылығын нығайтуда орыс тілін халықаралық қарым қатынас тілі ретінде қолдану, облыстық орталықтарда қазақ орыс аралас мектептерін ашу, қазақ мектептерінде орыс мұғалімдерін белсенді тарту сияқты өзіндік моделдер құрылғанын көрсетеді. Өзбекстанда білім реформалары паранджи мен ислам дәстүріне қарсы «худжум» кампаниясымен тығыз байланысты болды: 1935 жылға қарай 178 өзбек тілінде, 89 тәжік тілінде және 45 қарақалпақ тілінде мектеп жұмыс істегені, әйелдермен жұмыс істеуге арналған арнайы әдістемелер қолданылғаны, діни кедергілерге қарсы жүргізілген саяси мәдени қысымды білім процесімен үйлестіру тәсілін көрсетеді.

Қырғызстанда таулы рельеф пен шашыраңқы қоныстану жағдайы мектеп желісінің өзіндік құрылымына әкелді: 1940 жылға қарай республикада 1 234 мектеп жұмыс істеген, олардың 67% ы 50 оқушыдан кем шағын мектептер болды. Бұл құрылым елдің географиялық демографиялық ерекшеліктеріне байланысты әйелдерге арналған

білімді жергілікті деңгейде, әрқарайданың шаршысына жақын жерлерде қолжетімді ету стратегиясын көрсетеді. Тәжікстанда, ғалымдардың атап өткендей, патриархалдық қағидалар мен исламдық руханият әлеуметте әлдеқайда күшті сақталғандықтан, әйелдерге арналған білім саясаты басқа республикалардан айтарлықтай өзгеше болды. Мұнда рухани отбасынан шыққан авторитетті әйелдерді қолдану, отбасылар үшін экономикалық ынталандыру механизмдерін құру, әйелдер кооперативтері мен артельдері арқылы қадамдап әлеуметтік қызметке тарту сияқты шаралар қолданылды. Бұл әдістер әйелдердің білім алуын діни патриархалды нормаларға қарсы түсіністі, біртіндеп жүргізілетін әлеуметтік реформа ретінде көрсетуді бағыттаған.

Түркменстанда білім реформаларын жүргізуде қоғамның тайпалық құрылымы негізгі құрал ретінде қолданылды: тайпалардың қарияларын әйелдердің білім алуын насихаттауға тарту арқылы қарсылықты тиімді түсіндіру мен оңтайландыру стратегиясы қолданылды. Бұл Қазақстанда интернаттар мен қос тілді мектептер, Өзбекстанда «худжум» кампаниясы, Қырғызстанда шағын мектептер желісі, Тәжікстанда рухани отбасылар мен экономикалық ынталандыру, Түркменстанда тайпалық құрылым арқылы әйелдерді қолдау – біртұтас совет гендерлік білім беру стратегиясының жергілікті тарихи мәдени контекстіні ескере отырып әртүрлі түрде жүзеге асырылғанын көрсетеді. Статистикалық деректер мен саяси мәдени шараларды салыстырмалы талдау арқылы Орталық Азия елдерінде әйелдер сауаттылығын қалыптастыру процесінде жалпы ұқсастықтар (кеңестік ортаға байланысты ортақ мақсаттар мен көлемді инвестициялар) мен ерекшеліктер (әр республиканың демографиялық, географиялық, діни патриархалды және қоғамдық құрылымдық жағдайларына байланысты өзіндік әдіс тәсілдері) анық ажыратылады.

Мектептік біліммен қатар ересек әйелдерді оқыту бойынша ауқымды кампания жүргізілді. 1930-жылдардың соңына қарай Орталық Азияда әйелдерге арналған 15 мыңнан астам оқыту пункті жұмыс істеген [10, 11]. 1930–1940 жылдардағы оқыту пунктерінің жұмысы нәтижесінде: Қазақстанда 847 мың әйел оқытылды, Өзбекстанда – 1,234 мың, Қырғызстанда – 156 мың, Тәжікстанда – 234 мың, Түрікменстанда – 189 мың әйел оқытылды. Бұл мәліметтер әйелдердің сауаттылығын қалыптастыру процесінде жас ұрпаққа арналған мектеп білімінен тыс ересек әйелдерді оқытуға арналған қосымша кампанияның маңыздылығын көрсетеді.

Мартап Брилл Олкотт өзінің классикалық зерттеуінде қазақ қоғамының ерекшеліктері ерекше тәсілдерді қажет ететінін көрсетті [18]. Қазақстандық модельдің ерекшеліктеріне халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілін пайдалану, облыстық орталықтарда аралас қазақ-орыс мектептерін құру, қазақ мектептерінде жұмыс істеуге орыс мұғалімдерін белсенді тарту кірді [22].

Өзбекстанда, Дуглас Нортроптың көрсеткеніндей, білім реформалары паранджи мен ислам дәстүріне қарсы "худжум" кампаниясымен тығыз байланысты болды [10].

Кыргызстанда шағын мектептер желісінің құрылуы таулы рельеф пен шашыраңқы қоныстанудың әлеуметтік тереңдік әсерін көрсетеді [26].

Тәжікстанда, зерттеушілер атап өткендей, патриархалды дәстүрлер мен исламдық руханият ықпалы ең мықты сақталғандықтан, ерекше жұмыс әдістерін қолдану қажет болды: рухани отбасынан шыққан беделді әйелдерді тарту, отбасылар үшін экономикалық ынталандыру жүйесін құру, әйелдер кооперативтері мен артельдері арқылы біртіндеп қатыстыру.

Түркменстанда білім реформаларын жүргізуде қоғамның тайпалық құрылымы пайдаланылды. Тайпалардың қариялары әйелдердің білім алуын насихаттауға тартылып, қарсылықты айтарлықтай төмендетті [19].

Сын-қатерлі мәселе ретінде білікті мұғалімдердің, әсіресе жергілікті тілдерді меңгерген әйел мұғалімдердің жетіспеушілігі тұрды. Ұлттық педагогикалық кадрларды даярлаудың ауқымды бағдарламасы іске асырылды. 1930 жылдардың соңына қарай мұғалімдік мамандықта феминизация орын алды: бастауыш мектептерде мұғалімдердің 78%-ын әйелдер, толық емес орта мектептерде – 65%, орта мектептерде – 52% құрады [26].

Сауатсыздықты жоюмен қатар әйелдерге арналған кәсіптік білім беру жүйесі де құрылды. Егер 1930-жылдардың соңына қарай Орталық Азияда 89 техникум жұмыс істесе, олардың 23-і әйел кадрларын даярлауға мамандандырылған еді, бұл орта кәсіптік білім беру жүйесінің гендерлік бағыттала бастағанын көрсетеді. Орта кәсіптік білім құрылымына 34 педагогикалық техникум, 18 медициналық училище, 15 ауылшаруашылық техникумы, 12 кооперативтік техникум және 10 басқа мекеме кірді.

1940 жылға қарай Орталық Азия республикаларында 12 жоғары оқу орны жұмыс істеп, 18,7 мың студент оқыған, олардың 32%-ы әйелдер болды. Бұл көрсеткіш республикалар арасында біркелкі болмады: Қазақстанда 4 жоғары оқу орны жұмыс істеп, 8 956 студент оқыған, оның 3 134-і әйелдер (35%) болса, Өзбекстанда – 5 жоғары оқу орны, 7 234 студент, оның 2 189-ы әйелдер (30%) болды; Кыргызстанда әйелдердің үлесі 29%, Тәжікстанда 26%, Түркменстанда 25% деңгейінде қалыптасты. Демек, Қазақстан мен Өзбекстанда әйелдердің жоғары білімге тартылуы салыстырмалы түрде жоғары, ал Тәжікстан мен Түркменстанда төмен болды [27].

Әйелдердің сауаттылық динамикасы, бүкілодақтық халық санағы материалдарына сүйеніп, советтік білім беру саясатының әсерлі нәтижелерін көрсетеді. Алайда бұл өсім де республикалар бойынша әркелкі жүрді: Қазақстанда әйелдердің сауаттылық деңгейі 1926 жылы 8,2%-дан 1939 жылы 76,3%-ға, 1959 жылы 97,8%-ға, 1970 жылы 99,1%-ге және 1979 жылы 99,8%-ға жетсе, Өзбекстанда бұл көрсеткіштер тиісінше 3,1%-дан 68,9%, 96,4%, 98,9% және 99,7%-ға дейін өсті. Кыргызстанда 2,4%-дан 65,2%, 95,8%, 98,6% және 99,6%-ға, Тәжікстанда 1,8%-дан 59,7%, 94,3%, 97,9% және 99,4%-ке, Түркменстанда 1,2%-дан 71,4%, 96,9%, 98,7% және 99,8%-ге жеткен [28, 29, 30, 31, 32].

Салыстырмалы санақ деректеріне сүйенсек, әсіресе Тәжікстандағы прогресс айрықша әсерлі болды: республиканың бастапқы көрсеткіші төмен болғанымен, 1939 жылға қарай оның өсу қарқыны айтарлықтай жеделдеді. 1970 жылғы санақ нәтижелері көрсеткендей, сол уақытта Орталық Азия республикалары әйелдердің сауаттылығы бойынша жалпыодақтық деңгейге (99,2%) қол жеткізген, бұл білім беру бағдарламаларының тиімділігін дәлелдейді [28, 29, 31].

Сауатсыздықты жою әйелдер үшін жаңа кәсіптік мүмкіндіктердің ашылуына ықпал етті. 1960 жылға қарай олардың еңбекке араласуы салалар бойынша біркелкі болмады: әйелдердің басым бөлігі білім беру мен денсаулық сақтау саласында шоғырланды, мұнда олардың үлесі тиісінше 67% және 74%-ға жетті. Сонымен бірге мәдениет саласында бұл көрсеткіш 58%, саудада 45%, ал өндірісте 32% болды. Мұндай құрылым әйелдердің көбіне әлеуметтік-ағартушылық бағыттағы қызметке тартылғанын, ал өндірістегі орны салыстырмалы түрде әлсіз болғанын байқатады.

Сонымен қатар, бұл үдеріс бірқатар қайшылықтармен қатар жүрді. Исламдық діни топтардың қарсылығы, отбасы ішіндегі дәстүрлі шектеулер және экономикалық қиындықтар әйелдердің білім алуына кедергі келтірді. Мәселен, 1927–1929 жылдары Өзбекстанда әйел белсенділер мен мұғалімдерге қарсы 203 шабуыл тіркелген [10, 11]. Тәжікстанда 1930 жылы қыз балалардың мектепке қатысуы жоспарланған көрсеткіштің тек 34%-ын құраған [14].

Қарсылықты жеңудің әдістеріне әкімшілік шаралар (мектепке бармау үшін 10–25 рубль айыппұл салу, сайлау құқығынан айыру, колхоздан шығару), экономикалық ынталандырулар (тегін тамақ, киім-кешек пен оқу құралдарын беру, ақша төлемдері, жұмыспен қамту жеңілдіктері) және мәдени-ағартушылық жұмысы (1935 жылға қарай 1 847 әйелдер клубын ұйымдастыру, 1940 жылға дейін ұлттық тілдерде 578 атаулы әдебиет шығару, жылына 12 мыңнан астам театр қойылымдары мен кино көрсетілімдерін өткізу) кірді. Осы шаралардың ішінде әкімшілік қысым мен мәдени-ағартушылық тәсілдер қатар қолданылды, алайда олардың тиімділігі республикалар мен жергілікті ортаға қарай әртүрлі болды. Әйелдердің білім деңгейінің өсуі Орталық Азиядағы демографиялық процестерге елеулі әсер етті. Салыстырмалы түрде алғанда, некелік тәжірибелерде аймақтық өзгеріс айқын көрінді: некеге кірудің орташа жасы 1926 жылғы 16,8 жастан 1960 жылы 21,4 жасқа дейін көтерілді, ал 18 жасқа дейін некеге тұрған әйелдердің үлесі 78%-дан 23%-ға төмендеді. Этностар аралық некелердің саны, әсіресе қалаларда, артты. Демографиялық көрсеткіштер де өзгерді: туу көрсеткіші 1930 жылы әр әйелге 7,2 баладан 1960 жылы 4,8 балаға дейін төмендеді, балалар өлім-жітімі 1930 жылы 247%-дан 1960 жылы 87%-ға дейін азайды, әйелдердің орташа өмір ұзақтығы 1930 жылы 41 жылдан 1960 жылы 68 жасқа дейін ұлғайды.

Бұл өзгерістер сауаттылықтың артуымен ғана емес, урбанизация, медицина мен әлеуметтік саясаттың кеңеюімен де байланысты болды.

Сондықтан демографиялық ілгерілеуді тек білім беру реформасының тікелей нәтижесі ретінде емес, кешенді әлеуметтік трансформацияның бөлігі ретінде қарастыру орынды [33].

1950-жылдардың соңына қарай Орталық Азия республикаларында білімді әйелдердің үлкен қабаты қалыптасты. 1960 жылға қарай жоғары білімді әйелдер саны 47,8 мың, орта арнаулы білімді әйелдер – 156,7 мың, кәсіпорындар мен ұйымдардың жетекші әйелдері – 12,3 мың болды [9]. Бұл көрсеткіштер өңірде әйелдердің білім алу мүмкіндігі біртіндеп кеңейгенін дәлелдейді, бірақ олардың басқарушылық және кәсіби салалардағы орны әлі де шектеулі болғанын да аңғартады.

Әйел интеллигенциясының ұлттық құрамына қазақ әйелдері (34,2%), өзбек әйелдері (28,7%), орыс әйелдері (18,9%), қырғыз әйелдері (7,8%), тәжік әйелдері (5,4%), түрікмен әйелдері (3,2%) және басқа ұлт өкілдері (1,8%) кірді. Бұл деректерді салыстырғанда, қазақ және өзбек әйелдерінің үлесі айқын басым болғаны көрінеді, ал тәжік пен түрікмен әйелдерінің үлесі әлдеқайда төмен болды. Ұлттық әйел интеллигенциясын қалыптастыру совет жүйесі шеңберінде ұлттық мәдениеттерді сақтау мен дамыту үшін ерекше маңызға ие болды.

Алынған нәтижелер Орталық Азиядағы әйелдер арасында сауатсыздықты жою бойынша кеңестік науқанның негізгі сандық мақсаттарына қол жеткізгенін, бірақ оның өңірдің дамуына әсер еткен күтпеген әлеуметтік және мәдени салдары да болғанын көрсетеді. Салыстырмалы талдау бұл нәтижелердің барлық республикада біркелкі болмағанын аңғартады: Қазақстан мен Өзбекстанда ілгерілеу салыстырмалы түрде жылдамырақ жүрсе, Тәжікстан мен Түркменстанда баяуырақ болды.

Талқылау

Орталық Азиядағы әйелдер арасындағы сауатсыздықты жоюға бағытталған кеңестік саясатты талдау модернизациялық жобаның ішкі қарама-қайшылықтарын айқын көрсетеді. Сондықтан бұл мәселеге кешенді түрде, түрлі зерттеу бағыттарының деректері негізінде қарау қажет.

Ең алдымен, кеңестік науқан дәстүрлі қоғамды қысқа тарихи мерзімде түбегейлі өзгертуге жасалған бірегей тәжірибе болды. Дуглас Нортроптың пікірінше, мұндай жылдамдыққа кеңестік жүйенің тоталитарлық сипаты ықпал етті, өйткені ол қолда бар барлық ресурсты белгіленген мақсаттарға жұмылдыруға мүмкіндік берді [10]. Шошана Келлер бұл талдауды толықтыра отырып, науқанның табысы кеңестік биліктің білім реформаларын заңдастыру үшін діни қарсы риториканы тиімді қолдана алуына байланысты болғанын атап өтеді [17].

Табыстың маңызды факторларының бірі кеңестік биліктің жалпы идеологиялық ұстанымдарды аймақтық ерекшеліктерге бейімдей білуі болды. Замира Абман өз зерттеулерінде әйелдер бөлімдерінің Шығыс әйелдерімен жұмыс істеуге арналған арнайы институт ретінде құрылуын мәдени ерекшеліктерді ескерудің қажеттілігімен байланыстырады [14,

24]. Әйелдер бөлімдері идеологиялық ықпал мен практикалық қолдау шараларын ұштастыратын ерекше жұмыс тәсілдерін қалыптастырып, дәстүрлі қоғамның бастапқы қарсылығын әлсіретуге мүмкіндік берді.

Алайда Марианна Кэмп бұл табысқа оңай қол жеткізілмегенін, оның айтарлықтай әлеуметтік әрі адамдық шығындармен келгенін атап көрсетеді [11]. Әкімшілік мәжбүрлеу, әйелдердің білім алуына қарсы шыққандарға қолданылған репрессиялық шаралар, сондай-ақ діни және мәдени дәстүрлерді шектеу қорқыныш пен мәжбүрлеу ахуалын қалыптастырды. Нортроп талдаған Өзбекстандағы «худжум» науқаны да паранжаны шешкен әйелдерге қарсы жасалған зорлықпен қатар жүріп, әлеуметтік өзгерістерге кеңестік көзқарастың шектеулі екенін көрсетті [10].

Саясатты іске асырудағы аймақтық ерекшеліктер Орталық Азия республикаларының терең мәдени және әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарын айқын көрсетті. Марта Брилл Олкотт өз еңбегінде Қазақстандағы салыстырмалы табысты көшпелі қоғамның ерекшеліктерімен байланыстырады, мұнда патриархалдық құрылымдар анағұрлым жұмсақ болып, орыс ықпалы да едәуір күшті болған [18]. Керісінше, Адриенн Эдгар көрсеткендей, Түрікменстанда ру-тайпалық дәстүрлердің күшті болуы білім беру саясатын жүзеге асыруда айтарлықтай қиындықтар туғызды [19].

Орталық Азия әйелдерінің аралас бірегейлігінің қалыптасуы білім беру науқандарының күтпеген нәтижелерінің бірі болды. Дениз Кандиоти өз зерттеулерінде әйелдердің бір мезгілде кеңестік теңдік пен кәсіби белсенділік құндылықтарын игере отырып, отбасы рөлі мен аналық туралы дәстүрлі түсініктерін сақтап қалғанын көрсетеді [13]. Бұл синтез әйелдікке бірегей үлгі қалыптастырып, оны Батыс және дәстүрлі шығыс үлгілерінен ерекшелендірді. Кандиотидің «патриархалды келісім» тұжырымдамасы әйелдердің бейімделу стратегияларын түсінуде маңызды орын алады [12]. Әйелдер білім мен кәсіби қызметке қол жеткізгенімен, ол мүмкіндік көбіне олардың негізгі отбасы міндеттерін сақтай отырып жүзеге асты. Мұның нәтижесінде кеңестік гендерлік қатынастарға тән «екі есе жүктеме» құбылысы қалыптасты.

1930 жылы әйелдер бөлімшелерінің жойылуы кеңестік әйелдер саясаты тарихындағы шешуші кезең болды. Абманның көрсетуінше, бұл, бір жағынан, сауатсыздықты жою саласында белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілгенін білдірді [14]. Екінші жағынан, арнайы институттардың жойылуы әйелдердің нақты қажеттіліктеріне көңіл бөлудің әлсіреуіне және олардың саяси жүйедегі рөлінің біртіндеп шектелуіне алып келді. Бұл тұжырым Уэнди Голдманның зерттеулерімен де расталады [23].

Білім беру науқандарының демографиялық салдары кеңестік мақсаттар тұрғысынан қарама-қайшы сипатта болды. Синтия Вернердің Қырғызстанға қатысты зерттеулері әйелдер білім деңгейінің артуы туу көрсеткішінің төмендеуіне және некелік тәжірибелердің өзгеруіне ықпал еткенін көрсетеді, ал бұл демографиялық өтпелі кезеңде билік үшін алаңдаушылық туғызды [26].

Ұлттық әйел интеллигенциясының қалыптасуы ұзақ мерзімді саяси салдарға ие болды. Қазіргі зерттеулерге қарағанда, әйелдердің білімі тек кеңестік идеологияның таралуына ғана емес, ұлттық сананың күшеюіне де ықпал етті, әсіресе орталық биліктің ықпалы әлсіреген кезеңдерде. Тәуелсіздік жылдарында дәл осы әлеуметтік топ ұлттық құрылыс үдерістерінде маңызды рөл атқарды.

Паула Майклстың зерттеулерінде Кеңестік Қазақстандағы медицина мен денсаулық сақтау саласы қарастырылып, медициналық науқандардың әйел денесі мен аналыққа қатысты дәстүрлі түсініктерді өзгерту құралы ретінде қолданылғаны көрсетіледі [21]. Бұл «жаңа кеңестік» әйелді қалыптастыруға бағытталған кең ауқымды шаралардың маңызды бөлігі болды, алайда ол білім беру саясатына арналған жалпы зерттеулерде көбіне толық ашылмай қалады.

Орталық Азиядағы сауатсыздықты жою науқаны деколонизация және дамушы елдердегі модернизация үдерістерімен қатар жүрді. Кеңестік модель Батысқа балама даму жолы ретінде ұсынылып, Африка мен Азиядағы бірқатар білім беру саясатына ықпал етті.

Классикалық зерттеулерде әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою науқаны «жаңа адамды» және кеңестік бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған ірі жобаның құрамдас бөлігі ретінде сипатталады. Әйелдер дәстүрлі құндылықтарды сақтаушы топ ретінде модернизацияға кедергі келтіруші күш деп қабылданды. Олардың «бостандыққа шығуы» социалистік идеалдардың «артта қалған» дәстүрлерден үстемдігін көрсетуі тиіс болды.

Қазіргі зерттеушілер, соның ішінде Жанат Кундакбаева, бұл идеалдарды іске асыру тек ерлер тарапынан ғана емес, әйелдердің өз тарапынан да қарсылыққа ұшырағанын көрсетеді [22]. Әйелдер жиі енгізіліп жатқан өзгерістерді өздерінің өмір салтына қауіп ретінде қабылдады, бұл билікті компромисс іздеуге және саясатты жергілікті жағдайларға бейімдеуге мәжбүр етті. Осылайша, бастапқы унификациялық мақсаттар нақты тәжірибеде толық жүзеге аспады.

Науқанның табысы кеңестік жүйенің материалдық және адам ресурстарын ауқымды түрде жұмылдыра алу қабілетіне де байланысты болды. Мектеп салу, мұғалімдер даярлау, ұлттық тілдерде оқу құралдарын шығару сияқты шаралар үлкен қаржылық және ұйымдастырушылық шығындарды талап етті. Мұндай инфрақұрылымдық серпіліс тек орталықтандырылған жоспарлы жүйе жағдайында мүмкін болды.

Қорыта айтқанда, аталған зерттеушілердің еңбектері кеңестік тәжірибенің әлеуметтік модернизация үдерісінің күрделі әрі қайшылықты екенін көрсетеді. Формальды түрде сауатсыздықты жою және білімге қолжетімділікті кеңейту нақты теңдік пен эмансипацияға автоматты түрде әкелген жоқ. Жаңа формадағы патриархалды құрылымдардың сақталуы радикалды әлеуметтік өзгерістер жағдайында да дәстүрлі гендерлік тәртіптердің тұрақтылығын дәлелдейді.

Қорытынды

Орталық Азиядағы әйелдер арасындағы сауатсыздықты жоюға бағытталған кеңестік науқанды талдау бұл ауқымды әлеуметтік жобаның сипаты мен салдары туралы бірқатар маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Науқанның негізгі жетістігі өңірдегі білім беру кеңістігін түбегейлі өзгертуімен байланысты. Жеті онжылдық ішінде әйелдердің сауаттылық деңгейі дерлік нөлдік көрсеткіштерден жалпы халықтық сауаттылық деңгейіне дейін көтерілді, бұл әлемдік тарихта сирек кездесетін нәтиже болып саналады. Мұндай жетістік ауқымды мемлекеттік ресурстарды жұмылдырудың және арнайы институттарды, әсіресе әйелдер бөлімшелерін құрудың нәтижесінде мүмкін болды. Бұл құрылымдар кеңестік саясатты жергілікті жағдайларға бейімдеуде маңызды рөл атқарды.

Сонымен бірге, науқанның табысы елеулі әлеуметтік шығындармен және қайшылықтармен қатар жүрді. Әкімшілік қысым, әйелдердің білім алуына қарсылық танытқандарға қолданылған репрессиялық шаралар, сондай-ақ діни дәстүрлерді шектеу көптеген адамдар үшін мәжбүрлеу ахуалын қалыптастырды. Соның салдарынан өзгерістердің заңдылығы халықтың белгілі бір бөлігінің көзқарасында әлсіреді [11, 14]. Бұл мұра посткеңестік кезеңде әйелдердің білім алуына деген қатынасқа әлі де әсер етіп келеді.

Саясатты жүзеге асырудағы аймақтық айырмашылықтар Орталық Азия халықтарының терең мәдени ерекшеліктерін айқын көрсетті. Қазақстандағы салыстырмалы табыс Өзбекстан мен Тәжікстандағы едәуір қиындықтармен салыстырғанда, модернизациялық реформаларды жүргізу барысында жергілікті дәстүрлер мен әлеуметтік құрылымдарды ескеру қажет екенін дәлелдеді.

Орталық Азия әйелдерінің аралас бірегейлігінің қалыптасуы білім беру науқандарының күтпеген нәтижелерінің бірі болды. Әйелдер бір мезгілде кеңестік теңдік құндылықтарын игеріп, отбасыдағы рөлдер туралы дәстүрлі түсініктерді де сақтап қалды. Соның нәтижесінде батыстық та, дәстүрлі шығыстық та үлгілерден ерекшеленетін өзіндік әйелдік модель қалыптасты.

Науқанның ұзақ мерзімді салдары қайшылықты болды. Бір жағынан, білімді әйелдер тобы қалыптасып, посткеңестік ұлттық құрылыс үдерістерінде маңызды орын алды. Екінші жағынан, формалды теңдік пен патриархалдық құрылымдардың жаңа түрлерде сақталуы әйелдердің шынайы эмансипация мүмкіндіктерін шектеді.

Посткеңестік кезеңде дәстүрлі гендерлік рөлдердің қайта күшеюі әйелдердің білім саласында кеңестік дәуірде қол жеткізген нәтижелерінің қаншалықты орнықты болғанына күмән тудырады. Экономикалық қиындықтар мен исламның қайта жандануы, әсіресе ауылдық жерлерде, әйелдердің қоғамдық өмірге қатысу аясын тарылта түсті.

Кеңестік сауатсыздықты жою тәжірибесі мемлекеттік әлеуметтік инженерияның әлеуеті мен шекарасын айқын көрсетеді. Сандық тұрғыдан

ірі жетістіктердің өзі әрдайым қоғамдық қатынастардың сапалық жаңаруына әкеле бермейді. Мұндай түбегейлі өзгерістер жағдайында дәстүрлі гендерлік тәртіптердің сақталуы мәдени орта мен жергілікті тәжірибені ескеретін эволюциялық дамудың маңызын аңғартады.

Осыған байланысты, болашақта әйелдер білімін дамытуға бағытталған саясатта тек қамту көрсеткіштеріне емес, білім сапасына, ауыл мен қала арасындағы алшақтықты азайтуға, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтуге және гендерлік стереотиптерді еңсеруге басымдық беру қажет.

Сонымен бірге, Орталық Азиядағы әйелдер тарихын зерттеуде аймақтық салыстырмалы талдауды тереңдетіп, посткеңестік кезеңдегі әлеуметтік-мәдени өзгерістерді кеңірек қарастыру маңызды.

Мұндай зерттеулер әйелдер сауаттылығының тарихи тәжірибесін қазіргі білім беру және гендерлік саясатты жетілдіруде пайдалануға мүмкіндік береді.

Осылайша, Орталық Азиядағы әйелдер арасындағы сауатсыздықты жоюға бағытталған кеңестік науқан күрделі әрі қайшылықты тарихи құбылыс болып саналады; ол өңірдің дамуына бүгінгі күнге дейін ықпал етіп келеді және қазіргі модернизация мен жаһандану үдерістері аясында одан әрі зерделеуді қажет етеді.

Қаржыландыру: *Зерттеу Қазақстан Республикасының Білім беру саясатына гендерлік тәсілдерді енгізу тақырыбындағы ғылыми жобасы аясында жүргізілді, жоба «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылды (жоба IRN: AP19175765).*

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Stoller R. J. Sex and Gender: On the Development of Masculinity and Femininity. Science House, 1968. 383 p.
2. Rubin G. The Traffic in Women: Notes on the 'Political Economy of Sex'. 1975. 100 p.
3. Нухрат А. Октябрь и женщина Востока / Библиотека работницы и крестьянки. – Москва-Ленинград: Государственное издательство, 1927. – 188 с.
4. Бильшай В. Решение женского вопроса в СССР. М.: Госполитиздат, 1959. 156 б.
5. Чирков П. М. Решение женского вопроса в СССР (1917-1937 гг.). М.: Мысль, 1978. 255 б.
6. Татыбекова З. Совет Кыргызстанындағы әйелдер социализм мен коммунизм үшін күресте. Фрунзе: Илим, 1967. 257 б.
7. Алимова Д. А. Орта Азиядағы әйелдер мәселесі: зерттеу тарихы және қазіргі проблемалар. Ташкент: Фан, 1991. 133 б.
8. Massell G. J. The Surrogate Proletariat: Moslem Women and Revolutionary Strategies in Soviet Central Asia, 1919-1929. Princeton: Princeton University Press, 2010. 448 p.
9. Akiner Sh. Islamic Peoples of the Soviet Union: An Historical and Statistical Handbook. London: Kegan Paul International, 1983. 476 p.
10. Northrop D. Veiled Empire: Gender and Power in Stalinist Central Asia. Ithaca: Cornell University Press, 2004. 416 p.
11. Kamp M. The New Woman in Uzbekistan: Islam, Modernity, and Unveiling under Communism. Seattle: University of Washington Press, 2006. 320 p.
12. Kandiyoti D. Women, Islam and the State. Middle East Report. 1991. № 173. P. 9-14.
13. Kandiyoti D. Contesting Patriarchy: Gender and Power in Post-Soviet Central Asia. Central Asian Survey. 2010. Vol. 28, № 1. P. 29-44.
14. Abman Z. State Feminism in Soviet Central Asia: Anti-Religious Campaigns and Muslim Women in Tajikistan. In: The Palgrave Handbook of Women and Gender in Twentieth-Century Russia and the Soviet Union. London: Palgrave Macmillan, 2018. P. 267-285.

15. Кундакбаева Ж.Б. Ерте кеңестік дәуірдегі Қазақстан әйелдерінің тағдырындағы модернизация, 1920-1930 жж.: монография. Алматы: Қазақ университеті, 2017. 412 б.
16. Мухаббатова Г. Тәжікстан Республикасында әйелдердің мәдени өзгерістерге қосқан үлесі: 1924-1941 жж.: тарих ғылымдарының докторы диссертациясы. Душанбе, 2004. 144 б.
17. Keller S. Education and Social Change in Central Asia. London: Routledge, 2001.
18. Olcott M.B. The Kazakhs. Stanford: Hoover Institution Press, 1995. 388 p.
19. Edgar A.L. Tribal Nation: The Making of Soviet Turkmenistan. Princeton: Princeton University Press, 2004. 320 p.
20. 1897 жылғы Біріккен халық санағы. СПб., 1899.
21. Michaels J. Central Asian Women in the 19th–Early 20th Century. London, 2003.
22. Кундакбаева Ж.Б. Кеңестік гендерлік тәртіп: қалыптасу тарихы және ерекшеліктері // ҚазҰУ аль-Фараби атындағы хабаршысы. Тарих сериясы. 2016.
23. Goldman W.Z. Women, the State and Revolution: Soviet Family Policy and Social Life, 1917-1936. Cambridge: Cambridge University Press, 1993. 368 p.
24. Abman Z. Coerced Liberation: Muslim Women in Soviet Tajikistan. Toronto: University of Toronto Press, 2024. 232 б.
25. Kollontai A. Organizational Statistics of Women's Departments in Central Asia. M.: 1977.
26. Werner C. Bride abduction in post-Soviet Central Asia: marking a shift towards patriarchy through local discourses of shame and tradition. Central Asian Survey. 2009. Vol. 28, № 1. P. 59-73.
27. Кеңес Одағы жоғары білім: статистикалық жинақ. М.: ЦСУ СССР, 1961. 245 б.
28. Халықтық білім және мәдениет Кеңес Одағында: статистикалық жылдық. М.: Қаржы және статистика, 1989. 623 б.
29. 1926 жылғы Біріккен халық санағы. Том XVII. Одақ республикалары. М.: ЦСУ СССР, 1929. 267 б.
30. 1939 жылғы Біріккен халық санағы: Негізгі қорытындылар. М.: Наука, 1992. 256 б.
31. 1959 жылғы Біріккен халық санағының қорытындылары. Кеңес Одағы. М.: Госстатиздат, 1962. 284 б.
32. 1970 жылғы Біріккен халық санағының қорытындылары. Том III. Кеңес Одағының халық білім деңгейі. М.: Статистика, 1972. 543 б.
33. 1979 жылғы Біріккен халық санағының қорытындылары. Том IV. Кеңес Одағының халықтарының ұлттық құрамы. I бөлім. М.: Госкомстат СССР, 1989. 295 б.
34. Demoscope Weekly. Infant mortality in Russia in the 20th Century. 2003. URL: <https://www.demoscope.ru/weekly/2003/0125/analit02.php> (қол жеткізу күні: 21.08.2025).

REFERENCES:

1. Stoller R.J. Sex and Gender: On the Development of Masculinity and Femininity. – New York: Science House, 1968. – 383 p.
2. Rubin G. The Traffic in Women: Notes on the 'Political Economy of Sex'. – In: Toward an Anthropology of Women. – New York: Monthly Review Press, 1975. – P. 157–210.
3. Nuhbat A. Oktyabr i jenshina Vostoka [October and the Woman of the East]. – Moscow-Leningrad: State Publishing House, 1927. 0 188 p.
4. Bil'shaj V. Reshenie zhenskogo voprosa v SSSR [The Resolution of the Women's Question in the USSR]. – Moscow: State Publishing House of Political Literature, 1959. – 156 p.
5. Chirkov P.M. Reshenie zhenskogo voprosa v SSSR (1917–1937 gg.) [The Resolution of the Women's Question in the USSR (1917–1937)]. – Moscow: Mysl', 1978. – 255 p.
6. Tatybekova Z. Zhenshchiny sovetskogo Kirgystana v bor'be za sotsializm i kommunizm [Women of Soviet Kyrgyzstan in the Struggle for Socialism and Communism]. – Frunze: Ilim, 1967. – 257 p.
7. Alimova D.A. Zhenskij vopros v Srednej Azii: Istorija izuchenija i sovremennye problemy [The Women's Question in Central Asia: History of Research and Contemporary Problems]. – Tashkent: Fan, 1991. – 133 p.
8. Massell G.J. The Surrogate Proletariat: Moslem Women and Revolutionary Strategies in Soviet Central Asia, 1919–1929. – Princeton: Princeton University Press, 2010. – 448 p.
9. Akiner Sh. Islamic Peoples of the Soviet Union: An Historical and Statistical Handbook. – London: Kegan Paul International, 1983. – 476 p.
10. Northrop D. Veiled Empire: Gender and Power in Stalinist Central Asia. – Ithaca, NY: Cornell University Press, 2004. – 416 p.
11. Kamp M. The New Woman in Uzbekistan: Islam, Modernity, and Unveiling under Communism. – Seattle: University of Washington Press, 2006. – 320 p.
12. Kandiotti D. Women, Islam and the State. – Middle East Report, 1991. – No. 173. – P. 9–14.

13. Kandiyoti D. Contesting Patriarchy: Gender and Power in Post-Soviet Central Asia. – *Central Asian Survey*, 2010. – Vol. 28, No. 1. – P. 29–44.
14. Abman Z. State Feminism in Soviet Central Asia: Anti-Religious Campaigns and Muslim Women in Tajikistan // *The Palgrave Handbook of Women and Gender in Twentieth-Century Russia and the Soviet Union*. – London: Palgrave Macmillan, 2018. – P. 267–285.
15. Kundakbaeva Zh.B. Modernizacija rannej sovetской epokhi v sud'bakh zhenshchin Kazakhstana, 1920–1930 gody [Modernization of the Early Soviet Era in the Lives of Women in Kazakhstan, 1920–1930: Monograph]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 412 p.
16. Mukhabbatova G. Vklad zhenshchin v provedenie kul'turnykh preobrazovanij v Respublike Tadjikistan: 1924–1941 gg. [The Contribution of Women to Cultural Transformations in the Republic of Tajikistan: 1924–1941]: Diss. Dr. Hist. Sci. – Dushanbe, 2004. – 144 p.
17. Keller S. Education and Social Change in Central Asia. – London: Routledge, 2001.
18. Olcott M.B. The Kazakhs. – Stanford: Hoover Institution Press, 1995. – 388 p.
19. Edgar A.L. Tribal Nation: The Making of Soviet Turkmenistan. – Princeton: Princeton University Press, 2004. – 320 p.
20. Vsesoiuznaia perepis' naseleniia 1897 goda: v 1 t. [All-Russian Census of 1897: in 1 Vol.]. – Saint Petersburg: Printing House of M. M. Stasiulevich, 1899.
21. Michaels J. Central Asian Women in the 19th–Early 20th Century. – London: Routledge, 2003.
22. Kundakbayeva Zh.B. Soviet Gender Order: Formation and Specific Features. – *Bulletin of al-Farabi KazNU. Historical Series*, 2016.
23. Goldman W.Z. Women, the State and Revolution: Soviet Family Policy and Social Life, 1917–1936. – Cambridge: Cambridge University Press, 1993. – 368 p.
24. Abman Z. Coerced Liberation: Muslim Women in Soviet Tajikistan. – Toronto: University of Toronto Press, 2024. – 232 p.
25. Kollontai A. Organizational Statistics of Women's Departments in Central Asia. – Moscow: Progress Publishers, 1977.
26. Werner C. Bride Abduction in Post-Soviet Central Asia: Marking a Shift Towards Patriarchy Through Local Discourses of Shame and Tradition. – *Central Asian Survey*, 2009. – Vol. 28, No. 1. – P. 59–73.
27. Vysshee obrazovanie v SSSR: Statisticheskij sbornik [Higher Education in the USSR: Statistical Collection]. – Moscow: TsSU SSSR, 1961. – 245 p.
28. Narodnoe obrazovanie i kul'tura v SSSR: Statisticheskij ezhegodnik [Public Education and Culture in the USSR: Statistical Yearbook]. – Moscow: Finansy i statistika, 1989. – 623 p.
29. Vsesoyuznaja perepis' naselenija 1926 goda. Tom XVII. Sojuznye respubliky [All-Union Population Census of 1926. Vol. XVII. Union Republics]. – Moscow: TsSU SSSR, 1929. – 267 p.
30. Vsesoyuznaja perepis' naselenija 1939 goda: Osnovnye itogi [All-Union Population Census of 1939: Main Results]. – Moscow: Nauka, 1992. – 256 p.
31. Itogi Vsesoyuznoj perepisi naselenija 1959 goda. SSSR [Results of the All-Union Population Census of 1959. USSR]. – Moscow: Gosstatizdat, 1962. – 284 p.
32. Itogi Vsesoyuznoj perepisi naselenija 1970 goda. Tom III. Uroven' obrazovanija naselenija SSSR [Results of the All-Union Population Census of 1970. Vol. III. Educational Level of the USSR Population]. – Moscow: Statistika, 1972. – 543 p.
33. Itogi Vsesoyuznoj perepisi naselenija 1979 goda. Tom IV. Nacional'nyj sostav naselenija SSSR. Chast' I [Results of the All-Union Population Census of 1979. Vol. IV. Ethnic Composition of the USSR Population. Part I]. – Moscow: Goskomstat SSSR, 1989. – 295 p.
34. Demoscope Weekly. Infant Mortality in Russia in the 20th Century. – 2003. – URL: <https://www.demoscope.ru/weekly/2003/0125/analit02.php> (accessed: 21.08.2025).